



KazNU Science • ҚазУУ Ғылымы • Наука КазНУ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ AL-FARABI KAZAKH
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

БИОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ БИОЛОГИЧЕСКАЯ

EXPERIMENTAL BIOLOGY

BIOLOGY SERIES

1(78) 2019

ISSN 1563-0218; eISSN 2617-7498

Индекс 75866; 25866

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Биология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия биологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

EXPERIMENTAL BIOLOGY

№1 (78)

Алматы
«Қазак университеті»
2019

Чилдибаева А.Ж., Аметов А.А., Тыныбеков Б.М.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: a.zh.childebaeva@gmail.com

**ІЛЕ ӨЗЕНІНІҢ ЖАЙЫЛМАСЫНДАҒЫ
АРЕАЛЫ ШЕКТЕУАІ ЭНДЕМДІК *ROSA ILIENSIS* CHRSHAN.
КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР ӨСІМДІКТЕР
ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ**

Мақалада Алматы облысына қарасты Іле өзенінің Малайсары аласа тау шоқысына жақын жердегі Қапшағай ГЭС-інен төменгі ағысының жайылмасында сирек және эндемдік *Rosa iliensis* Chrshan. кездесетін өсімдіктер қауымдастықтарының геоботаникалық сипаттамасы мен флористикалық талдауы берілген. Мұнда авторлар *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігінің шын мәнінде Іле өзенінің жайылмасында сирек кездесетін, эндемдік түр екендігін атап көрсеткен. Бұл өсімдік өзен жағалауында кездеседі және оның ареалы Қапшағай ГЭС құрылысына байланысты үзілген. Іле өзенінің жайылмасының айтарлықтай бөлігін «Аяққалқан» курорттық аймағынан бастап Қапшағай ГЭС-іне дейін толығымен су басқан. Малайсары аласа тау шоқысына жақын жердегі Іле өзенінің жайылмасында *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігінің тіршілік жағдайы қанағаттанарлық деп санауға болады. Өйткені *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігінің сирек кездесетін бұталары мұнда жыл сайын гүлдеп, жеміс береді. Дегенмен, популяциялар шегінде бұл өсімдіктің бірде-бір не жас қошetterі, не ювенильдік особтары табылмады. Бұл *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігінің тұқым арқылы көбейіп, жаңаруының болмайтындығын көрсетеді. Осыны ескере отырып, авторлар *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігі осетін Іле өзенінің жайылмасында үнемі мониторинг жүргізуді және осылайша популяцияның жағдайын бақылауда ұстауды ұсынады.

Түйін сөздер: популяция, ценопопуляция, ассоциация, доминант, эдификатор, тіршілік формасы, экотип.

Childibayeva A.Zh., Ametov A.A., Tynybekov B.M.

Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: a.zh.childebaeva@gmail.com

**Characteristics of some plant communities with a narrow-endemic species
Rosa iliensis Chrshan. in the floodplains of the Ili River**

The article gives a geobotanical characteristic and floristic analysis of communities with the participation of the narrow-endemic species *Rosa iliensis* Chrshan. in the floodplains of the Ili river below the Kapchagai hydroelectric station in the low-mountainous area of Malaisary, Almaty region. The authors note that *Rosa iliensis* Chrshan. is indeed a narrow endemic plant that grows in the floodplains of the Ili River. The plant occupies a limited area and its range is broken due to the construction of the Kapchagai hydroelectric station. A significant part of the floodplain of the Ili River, starting from the Ayakkalghan resort area to the Kapchagai hydroelectric bridge, has been completely flooded. The life status of *Rosa iliensis* Chrshan. in the floodplains of the Ili River in the region of the low-mountain massif of Malaisary can be considered satisfactory. Since its rare bushes bloom here and bear fruit every year. However, within the population we did not find either the seedlings or the juvenile individuals of this plant. This suggests that the renewal of *Rosa iliensis* Chrshan. through the seminal path here has almost stopped. Given this, the authors recommend constantly monitoring where the narrow-endemic species of *Rosa iliensis* Chrshan. is growing and thus keeping the population state under control.

Key words: population, coenopopulation, association, dominant, edificator, life form, ecotype.

Чилдибаева А.Ж., Аметов А.А., Тыныбеков Б.М.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: a.zh.childebaeva@gmail.com

Характеристика некоторых растительных сообществ с участием узкоэндемичного вида *Rosa iliensis* Chrshan. в поймах реки Или

В статье даются геоботаническая характеристика и флористический анализ сообществ с участием узкоэндемичного вида *Rosa iliensis* Chrshan. в поймах реки Или, ниже Капчагайской ГЭС, в районе низкогорного массива Малайсары Алматинской области. Авторами отмечается, что *Rosa iliensis* Chrshan. действительно является узкоэндемичным растением, который растет в поймах реки Или. Растение занимает ограниченную площадь и его ареал разорван в связи с строительством Капчагайской ГЭС. Значительная часть поймы реки Или, начиная от района курорта «Аяккалган» до моста Капчагайской ГЭС, полностью затоплена. Жизненное состояние *Rosa iliensis* Chrshan. в поймах реки Или в районе низкогорного массива Малайсары можно считать удовлетворительным. Поскольку редкие кусты его здесь ежегодно цветут и плодоносят. Однако в пределах популяции мы не обнаружили ни всходы, ни ювенильные особи этого растения. Это говорит о том, что возобновление *Rosa iliensis* Chrshan. семенным путем здесь почти прекратилось. Учитывая это, авторы рекомендуют постоянно проводить мониторинг, где растет узкоэндемичный вид *Rosa iliensis* Chrshan. и таким образом держать под контролем состояние популяции.

Ключевые слова: популяция, ценопопуляция, ассоциация, доминант, эдификатор, жизненная форма, экотип.

Кіріспе

Адамдар биологиялық алуантүрлілікті сақтаудың маңызын және қажеттілігін әлемдік деңгейде де, ұлттық деңгейде де түсіне бастады. Оған биологиялық ғылымдардың Халықаралық Бірлестігінің, ЮНЕСКО-ның қолдауымен Генеральдық Ассамблеяда қабылданған, Халықаралық жобасы «DIVERSITAS» және 1992 жылы Рио-де-Жанейрода (Бразилия) өткен биологиялық алуантүрлілікті сақтау жөніндегі Халықаралық конвенция дәлел. Оның соңғысын Қазақстан ратификациялады (1995) және соның негізінде «Биологиялық алуантүрлілік» жобасы дайындалды. Жобаның негізгі бағыты биологиялық алуантүрліліктің қазіргі жағдайына баға беру және инвентаризациялау. Сонымен қатар қорғауды қажет ететін маңызды (приоритетті) объектілер – сирек кездесетін өсімдіктердің популяциялық экологиясын зерттеудің негізгі бағыттарын анықтау және акпараттық нәтижелерді алу үшін материалды жинау және өңдеудің әдістемелерін сипаттау болып табылады [1]. Сирек кездесетін және эндемдік түрлерді қорғауға қатысты жүргізілетін іс-шараларды ғылыми тұрғыдан негіздеу үшін, түрдің экологиясын зерттеуге бағытталған жұмыстарды мейлінше кеңейте түсу қажет. Жобада биоалуантүрліліктің қазіргі жағдайына баға беру үшін оны популяциялық деңгейде зерттеп және ғылыми негіздемелерін жасай отырып, болашақта оларды қорғаудың оптималды жолдарын

рын қарастыруға ерекше мән беріледі. Соңғы 10-15 жылда сирек және эндемдік өсімдік түрлерін популяциялық деңгейде зерттеу алыс және жақын шетелдерде, оның ішінде Қазақстанда да қарқынды түрде жүргізілуде [2,3].

Біздің планетамызда биологиялық алуантүрліліктің азаюы қазіргі кездегі өзекті экологиялық проблемалардың ішінде ерекше орын алады, өйткені антропогендік факторлардың табиғи экожүйеге келеңсіз әсерінің нәтижесінде көптеген түрлер жойылуда. Кейбір зерттеушілер сирек кездесетін эндемдік және жойылып кету қаупі төнген түрлердің қауіп-қатерін қазіргі уақытта қоршаған ортадағы антропогендік факторлармен және популяцияның азайып, олардың окшаулануына әкелетін тіршілік ету ортасының фрагментациясымен сипаттайды [4]. Бұл үрдіс XX ғасырда катастрофиялық жағдайға жетіп, тұтастай биосфераның тұрақтылығының бұзылуына әкеліп соқтыруда.

Сондықтан да жойылу қаупі төніп тұрған түрлерді қорғауға және қайта қалпына келтіруге бағытталған жақсы ғылыми жобаны жасау қажет. Ол үшін осы түрлерді популяциялық деңгейде зерттеп, олардың қоршаған ортаның әртүрлі келеңсіз жағдайларына байланысты қаншалықты өзіндік (реакциясын) анықтауымыз керек. Қазақстан Республикасының әрбір аймағында сирек кездесетін және эндемдік түрлерді популяциялық деңгейде зерттеу қазіргі таңда аса өзекті мәселелердің бірі. Осындай ерекше қорғауды қажет ететін түрлердің бірі Іле өзенінің

жайылмасында сирек кездесетін, эндемдік *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігі болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Біздің зерттеу нысанымыз Қазақстан флорасында сирек кездесетін, эндемдік *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігі. Ол биіктігі 1,5 м шамасында болатын, ылғалы жеткілікті жерде өсетін (мезофит) тікенекті бұта. Өркендері жасылдау-қоңыр түсті, ұштары аздап ширатылған. Жапырағының ұзындығы шамамен 6-7 см, 2-3 жұпты жапырақшаларының жиынтығынан тұрады. Гүлдері қызғыншау-ақ түсті, қалқанша тәрізді гүлшоғырына жиналады, сиректеу жалғыздан; тостағанша жапырақшаларының ұштары үшкір, сырты қысқа түкті. Жемістері піскен кезде тостағанша жапырақшалары дискісімен қоса түсіп қалады. Гүлдеу уақыты ұзаққа созылады (мамыр айының басынан қазан айының соңына дейін) [5].

Rosa iliensis Chrshan. өсімдігін Іле өзені жайылмасынан 1947 жылы В.Г.Хржановский сипаттап жазған. Бұл түр Мойынқұм және Балқаш-Алакөл флоралық аудандарына жататын шөлдін өзендерінің жағалауларында өседі [6].

Кейбір деректер бойынша, *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігін алғаш рет 1945 жылы Украинада дәрумендік өсімдік ретінде мәдени жағдайда өсірген. Ол кездері Украинада дәрумендік өсімдіктердің плантациясын ұйымдастыру қолға алынып жатқан болатын. Бұл сирек кездесетін, эндемдік өсімдік түрінің жемісінде 12,5% дейін С дәрумені болады [7]. Итмұрын туысының әртүрлі генотиптерінің химиялық құрамы зерттелген. Тұқымының майы халықаралық деңгейде косметикалық мақсатта қолданылады. Сонымен қатар иммунитетті нығайтуға, есте сақтауды, ақыл-ой белсенділігін және физикалық дамуын, улы заттардың әсерінен қорғайды, оңтайлы холестеринді сақтайды және т.б. [8, 9]. Гибридизация, мутация, гендерді тасымалдау және т.б. сияқты сұрыптау жұмыстарының нәтижесінде раушандардың заманауи сорттары пайда болған. Соңғы кездері Еуропадан Түркияның кейбір елдеріне коммерциялық мақсатта сатылып, ескі раушан гүлдерінің орнына отырғызылған. Бүкіл әлемдегі 18 000 раушан сорттарынан Еуропада шамамен 10 000 астам түрлері бар, бірақ Еуропадағы жабайы раушандардың алуантүрлілігі Түркия, Азия және Кавказ елдеріне қарағанда аз, сондықтан бұл жағдай Еуропада раушандардың жаңа түрлерін көбейтуге және жаңа түрлерін ашуға мәжбүрлеген [10].

Rosa iliensis Chrshan. алыс және жақын иетелдердің көптеген ботаникалық бактарында (Киевте, Львовта, Одессада, Санкт-Петербургте, Ташкентте, Алматыда, сонымен бірге Варшавада, Софияда, Позаниде және т.б. қалаларда) мәдени жағдайға ендірілген деген деректер бар [11].

Бірақ та біздегі мәліметтер бойынша, *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігінің Қазақстандағы табиғи популяцияларының мүлдем зерттелмегені және оның Алматы Бас ботаникалық бағында интродукцияға ендірілмегендігі анықталды. Сондықтан да осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Іле итмұрынының (*Rosa iliensis* Chrshan.) Алматы облысындағы табиғи популяцияларын тауып, зерттеп, олардың қазіргі жағдайына баға беруді және интродукцияға ендіру арқылы осы түрдің жойылып кетпеуіне жол бермеуді мақсат тұттық.

2018 жылы вегетациялық кезеңінде жойылып кету қаупі бар, сирек және эндемдік *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігінің 1 популяциясын Малайсары аласа тау жотасына жақын жердегі Іле өзенінің оң жағалауының жайылмасынан таптық. Бұл жерде 1980 жылдары Іле өзенінен Малайсары тау шоқысының күнгей жағындағы оазиске су айдайтын насос станциясы салынған болатын. Тіптен Кеңес үкіметі ыдырағанға дейін бұл алқап толығымен игеріліп, сугарылып, ауылшаруашылық дақылдарынан (әсіресе көкөністен) мол өнім алынған. Кеңес үкіметі ыдырағаннан соң бұл алқап қараусыз қалды. Қазіргі кезде су айдайтын насос станциясының моторлары, тіптен жер астына көмілген құбырларына дейін талан-таражға ұшырап, істен шыққан. Міне осы су айдайтын станциядан 1,5-2 шақырым жоғары, өзен жайылмасынан *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігінің 1 популяциясын кездестірдік. Бұл Іле өзенінің Қапшағай су электростанциясынан төменгі ағысы болып табылады. Өзеннің бұл алқабының, тіптен тұтастай Оңтүстік Балқаш өңірінің экологиялық жағдайы соңғы 45 жылдан аса уақыт ішінде үлкен өзгеріске ұшыраған. Іле өзенінің суының деңгейі күрт төмендеді, өзен жайылмасын жылма-жыл бұрынғыдай су баспайтын болды, соған байланысты жер асты суының да деңгейі төмендеген. Нәтижесінде Іле өзенінің төменгі ағысындағы үлкенді-кішілі қолшықтардың суы тартылып, алдымен батпаққа, кейіндеу тақырға айналды. Өзен бойындағы және қолшықтар жағасындағы қамысты-қоғалы қоналар жойылып, тоғайлардағы ағаштар қурап өле бастады. Қазіргі кезде сиреген тоғай ағаштарын

өзеннің негізгі және жанама арналарының жағалауларынан, сонымен бірге жер асты суы жақын жатқан ойпаттау жерлерден ғана кездестіруге болады. Өзен жайылмасының топырағының құрамындағы тұздардың мөлшері артып, топырақ сорлана бастады. Өсімдіктер жабынының және оның флорасының трансформациялануы қарқынды түрде жүріп жатыр. Міне осының барлығы түптеп келгенде Іле өзенінің Қашағай су электростанциясынан төменгі ағасында шөлдену процесінің қарқынды жүріп жатқандығының бірден-бір көрінісі болып табылады. Бұл әрине сирек кездесетін, эндемдік түрлердің арсалының қысқарып, тіптен олардың жойылу қаупін туғызуда.

Бұл тұрғыдан алғанда біздің зерттеу нысанымыз сирек және эндемдік *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігінің популяцияларын тауып, зерттеп, олардың қазіргі жағдайына баға беру сөз жоқ аса өзекті мәселенің бірі. Біз *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігінің Іле өзенінің жайылмасынан табылған популяцияларының деңгейінде 3 ценопопуляцияны бөліп, оларды геоботаникалық тәсілдерді қолдана отырып, сипаттан жаздық.

Фитоценоздарға геоботаникалық тұрғыдан сипаттама бергенде стандарттық тәсілді негізге алдық. Ценотикалық популяцияларды зерттегенде геоботаникада кеңінен қолданылып жүрген дәстүрлі тәсілдерді қолдандық [12]. Ценопопуляцияның жастық күйін анықтау Т.А.Работнов және А.А.Уранов бойынша жүргізілді [13,14]. Популяцияның координаты JPS навигаторы GARMIN GPS MAP 60CSx приборының көмегімен анықталды. Өсімдіктің жастық құрылымын анықтауда А.А.Урановтың [15-17] жобасы негізге алынды: Р – өскіндер; j – жас дарактар; imm – имматурлық жастық күйі; v – виргинильдік немесе жас вегетативтік күйі; g1 – жас генеративтік өсімдік; g2 – орташа- немесе піскен генеративтік өсімдік; g3 – қартайған генеративтік өсімдік; ss – субсенильдік өсімдік; s – сенильдік өсімдік; sc – қурай бастаған өсімдік. Жастық құрылымы өсімдік ценопопуляцияларының негізгі сипаттамаларының бірі болып табылады [18]. Гербарий материалдарын жинау А.К. Скворцов бойынша жүргізілді. Итмұрын түрін анықтау үшін анықтағыштар «Қазақстан флорасының» 1-2 томы (1956, 1958) мен 2 томдық «Иллюстрированный определитель растений Казахстана» (I т. – 1969, II т. – 1972), электрондық микроскоп, бинокляр, луна, су моншасы сияқты құрал-жабдықтар пайдаланылды. Өсімдіктердің номенклатурасын С.А. Абдуллина (1998: 187)

және С.К. Черепанов (1995: 516) бойынша қарап түзеттік [19-23].

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Сирек, эндемдік *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігінің 1 популяциясын жоғарыда айтылғандай Алматы облысы Іле ауданына қарасты Малайсары аласа тау жотасына жақын жердегі Іле өзенінің оң жағасының жайылмасынан таптық. Бұл участок теңіз деңгейінен 437 м биіктікте жатыр, JPS навигаторы бойынша координаторы: N 44° 09-506 және E 076° 57-874. Жер бедері солтүстік бағытында аздап еңістеу келген тегістік. Топырағы аллювиальды-шалғындық. 1969-1970 жылдарға дейін өзен жайылмасын көктемде және жаз айларында тасқын су шайып отырған. Қазіргі кезде өзен жайылмасы қардың және жаңбырдық суымен ғана ылғалданады. Популяциялық деңгейінде *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігі ленталы арсал түзіп, Іле өзенінің негізгі және жанама арналарының жағалауларында өседі. Көп жағдайда ол *Rosa beggeriana* Schrenk. өсімдігімен аралас өседі. Бұлар өте жақын түрлер, сондықтан да оларды бір-бірінен ажырату біршама қиындық келтіреді. *Rosa beggeriana* Schrenk. кең таралған түр, өзен жайылмасында да, жағалауында да, тіптен жайылма үсті террасада да кездеседі. Сондай-ақ Қытайдың Синьцзян-Ұйғыр Автономдық аймағында да кеңінен таралған және жергілікті жағдайларға бейімделген [24]. Ол *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігіне қарағанда біршама биіктеу, гүлінің түсі таза ақ, ал жемісі ашық қызыл түсті болып келеді. Ал *Rosa iliensis* Chrshan. негізінен өзен жағалауында, ылғалы жеткілікті жерде (мезофит) ғана өседі, аласалау, біржылдық өркендерінің жоғарғы ұшы ширатылып тұрады, гүлдерінің түсі қызғыншау-ақ, ал жемісінің түсі қара. Бұл түр жер бетін тұтастай жауын тұратын бұталы қона түзбейді. Керісінше, *Rosa iliensis* Chrshan. өте шашыраңқы өседі. Бір жерден оның бір немесе екі түбін ғана кездестіруге болады. Популяция деңгейінде *Rosa iliensis* Chrshan. өсімдігі кездесетін 3 өсімдіктер қауымдастығын (ассоциациясын) геоботаникалық тұрғыдан сипаттан жаздық.

Бірінші өсімдіктер қауымдастығы алып жатқан жер көлемі жағынан ең үлкені болып табылады. Ол астық тұқымдасты-жыңғылды-итмұрынды ассоциациядан (ass.*Rosa beggeriana*-*Rosa iliensis*-*Tamarix ramosissima*-*Calamagrostis epigeios*-*Phragmites australis*-*Achnatherum splendens*) тұрады. Өсімдіктер жер бетін 85-90% дейін

жауып тұрады. Жер бедері тегістік. Топырағы аллювиальды-шалғындық, аздан құмдақтау. Өсімдіктер жабынында доминант ретінде *Calamagrostis epigeios* (L.) Roth., *Phragmites australis* Trin. ерекше басымдыққа ие. Бұталардан *Rosa beggeriana* Schrenk., *Tamarix ramosissima* Ledeb. сияқты түрлердің басқаларға қарағанда сандық көрсеткіші басымдық. Өсімдіктер жабынында доминанттардан басқа *Bromus oxyodon* Schrenk., *Eremopyrum orientale* (L.) Jaub. et Spach., *Aegilops cylindrica* (Desf.) Host., *Artemisia scoparia* Waldst. et Kit., *Artemisia terrae-alba* Krasch., *Centaurea squarrosa* Willd. және т.б. кездеседі. Өсімдіктер жабынында 5 ярусты айқын байқауға болады: I-ярусты биіктігі 3,5 м болатын *Elaeagnus oxycarpa* Schrenk., *Salix caspica* Pall., II-ярусты 200-220 см болатын *Tamarix ramosissima* Ledeb., *Rosa Beggeriana* Schrenk., *Rosa iliensis* Chrshan., III-ярусты 90-100 см болатын *Phragmites australis* Trin., *Calamagrostis epigeios* (L.) Roth., IV-ярусты 60-70 см болатын *Artemisia scoparia* Waldst. et Kit., *Cannabis ruderalis* Janisch., V-ярусты 10-15 см шамасында болатын *Eremopyrum orientale* (L.) Jaub. et Spach., *Alyssum desertorum* Stapf., *Tripolium pratense* L., *Arnebia decumbens* (Vent.) Coss. et Krov. өсімдіктері құрайды. Бірінші өсімдіктер қауымдастығы аумағынан жоғары сатыдағы өсімдіктердің 69 түрін жинап анықтадық.

Екінші өсімдіктер қауымдастығы Іле өзенінің жаппама арнасының жағалауынан табылды. Бұл өсімдіктер қауымдастығы бөріқарақатты-итмұрынды ассоциациядан (ass. *Rosa beggeriana*-*Rosa iliensis*-*Berberis iliensis*) тұрады. Өсімдіктер жер бетінің 90-95% жауып тұрады. Өзен жағалауы болғандықтан жер бедері қиябеттеу. Топырағы аллювиальды-шалғындық, құмдақтау. Өсімдіктер жабынында *Berberis iliensis* M. Pop. айқын басымдыққа ие. Бірақ ассоциацияның негізін таман *Rosa Beggeriana* Schrenk. өсімдігінің сандық көрсеткіші арта түседі. Ал *Rosa iliensis* Chrshan. ілеселі түр, сондықтан да оның 1-2 түбін ғана кездестірдік. Шөптесін өсімдіктерден суға жақын жерінде *Calamagrostis epigeios* (L.) Roth. қалың болып өседі. Ол тамырсабақты өсімдік болғандықтан жер асты өркендері арқылы көп жерді қамтып тұтасқан клон түзеді. Нәтижесінде басқа шөптесін өсімдіктерді оңай ығыстырады. Бұл өсімдіктер қауымдастығы 4 ярустан тұрады: I-ярусты биіктігі 4-5 м болатын *Elaeagnus oxycarpa* Schrenk., II-ярусты 3-3,5 м болатын *Salix caspica* Pall., *S. michelsonii* Nas., III-ярусты 2-2,5 м болатын *Berberis iliensis* M. Pop., *Rosa Beggeriana* Schrenk., *Rosa iliensis* Chrshan.,

IV-ярусты 40-60 см болатын *Calamagrostis epigeios* (L.) Roth., *Gypsophila trichotoma* Wend., *Equisetum arvense* L. өсімдіктері құрайды. Бұл өсімдіктер қауымдастығынан жоғары сатыдағы өсімдіктердің 42 түрін кездестірдік.

Үшінші өсімдіктер қауымдастығын Іле өзенінің ескі жайылмасының жағалық бортына жақындау жердегі көтеріңкі ашық алаңқайдан кездестірдік. Бұл қауымдастықтың өсімдіктер жабыны жусанды-бұталы ассоциациядан (ass. *Berberis iliensis*-*Rosa Beggeriana*-*Rosa iliensis*-*Spiraea hypericifolia*-*Artemisia terrae-alba*-*Artemisia scoparia*-*Artemisia serotina*) тұрады. Өсімдіктер жабынында *Artemisia terrae-alba* Krasch., *Artemisia scoparia* Waldst. et Kit. сандық көрсеткіші жағынан айқын басымдыққа ие. Бұталар эдификатор болғанымен, сандық көрсеткіші жағынан жусандардан көп төмен. Бұл қауымдастықтың фонынан сирек те болса *Lasiagrostis splendens* (Trin.) Kunth., *Stipa capillata* L., *Gypsophylla paniculata* L., *Marrubium vulgare* L., *Onopordon acanthium* L. сияқты өсімдіктерді кездестірдік. Қауымдастықта 4 ярус айқын байқалады: I-ярусты биіктігі 200-220 см болатын *Berberis iliensis* M. Pop., *Rosa Beggeriana* Schrenk., *Rosa iliensis* Chrshan., II-ярусты 100-120 см болатын *Lasiagrostis splendens* (Trin.) Kunth., *Onopordon acanthium* L., III-ярусты 70-80 см болатын *Gypsophylla paniculata* L., *Euphorbia microcarpa* Prokh., IV-ярусты 10-15 см шамасында болатын *Arnebia decumbens* (Vent.) Sropf., *Ziziphora tenuior* L., *Alyssum desertorum* Stapf. өсімдіктері түзеді. Бұл қауымдастықтың флоралық құрамы айтарлықтай бай емес, бар-жоғы 26 түр ғана кездесті. Бұл заңды құбылыс. Өйткені үшінші ассоциация су жағасынан біршама қанықтау жерден синатталып жазылды. Жалпы *Rosa iliensis* Chrshan. популяциясы аумағының флорасының систематикалық құрамы мына төмендегідей (Кесте 1).

Жоғары сатыдағы споралы *Equisetophyta* бөлімінде 1 түр *Equisetum arvense* L. кездессе, *Gymnospermatophyta* бөлімі де 1 түрден *Ephedra distachya* L. тұрады. Популяцияның флорасының басым бөлігін *Angiospermatophyta* бөлімінен 128 түрлі құрайды, оның ішінде *Dicotyledoneae* класына 107 түр, ал *Monocotyledoneae* класына 21 түр жатады. Демек, *Rosa iliensis* Chrshan. популяциясы аумағынан біз 39 тұқымдасқа, 100 туысқа жататын түпкігі өсімдіктердің 128 түрін тауып тіркедік. Жетекші тұқымдастарға *Compositae* Cuscke., *Poaceae* Gaertn., *Leguminosae* Juss., *Cruciferae* Juss. және *Caryophyllaceae* Juss. жатады. Осы 5 тұқымдастың өкілдері популяция

флорасының 44,5% құрайды. Бірінші орында *Compositae* Giseke 17 түрден тұрады немесе популяция флорасының 13,2% құрайды, *Poaceae* Gaertn. 15 түрден тұрады немесе популяция флорасының 11,7% құрайды. Екінші орында *Leguminosae* Juss. 10 түрден тұрады немесе 7,8% құрайды, үшінші

орында *Cruciferae* Juss. 8 түрден тұрады немесе 6,2% құрайды, төртінші орында *Caryophyllaceae* 7 түрден тұрады немесе 5,4% құрайды. Қалған тұқымдастардың әрқайсысында 3-тен, 2-ден, 1-ден түрлер бар. Олардың жиынтығы популяция флорасының 55,4% құрайды.

1-кесте – *Rosa iliensis* Chrshan. кездесетін өсімдіктер қауымдастығының флоралық құрамы

Бөлім: <i>Equisetophyta</i> – Хвощевидные – Қырықбуындар			
Класс: <i>Equisetopsida</i>			
Тұқымдас: <i>Equisetaceae</i> Rich.			
1	Өсімдік аты	Тіршілік формасы, экологиялық типі	Шаруашылық маңызы
1/1	<i>Equisetum arvense</i> L. Хвощ полевой Дала қырықбуын	көпжылдық, мезофит	дәрілік, арамшөп
Бөлім: <i>Gymnospermatophyta</i> – Голосеменные – Ашықтұқымдылар			
Класс: <i>Chlamydospermatopsida</i> – Оболочкосеменные – Қабықтұқымдылар			
Тұқымдас: <i>Ephedraceae</i> Wettst. – эфедровые – қылшалар			
2/1	<i>Ephedra distachya</i> L. – Эфедра двуколосковая – Қос масақналы қылша	бұта, ксерофит	дәрілік, дәрумендік
Бөлім: <i>Angiospermatophyta</i> – Покрытосеменные – жабықтұқымдылар			
Класс: <i>Monocotyledoneae</i> – Однодольные – даражарнақтылар			
Тұқымдас: <i>Poaceae</i> Gaertn. – Злаковые – Астықтар			
3/1	<i>Poa bulbosa</i> L. – Мятлик луковичный Жуаншықты қоңырбас	көпжылдық, ксерофит	малазықтық
4/2	<i>Lasiagrostis splendens</i> (Trin.) Kunth Чий блестящий – Ақ ши	көпжылдық, мезофит	малазықтық, тоқыма, целлюлозалы қағазды
5/3	<i>Phragmites australis</i> Trin. – Тростник обыкновенный – Кәдімгі қамыс	көпжылдық, гидрофит	малазықтық, құрылыс материалы, целлюлозалы қағазды
6/4	<i>Calamagrostis epigeios</i> (L.) Roth. – Вейник наземный – Құрғақ айрауық	көпжылдық, псаммофит	малазықтық
7/5	<i>Stipa Richteriana</i> Kar.et Kir. – Ковыль Рихтеровский – Рихтер қау	көпжылдық, ксерофит	малазықтық
8/6	<i>Stipa capillata</i> L. – Ковыль волосатик -тырса, қылтан селсеу, садақбоз қау	көпжылдық, ксерофит	малазықтық
9/7	<i>Bromus oxyodon</i> Schrenk – Костер остроzubый Тісті арпабас	біржылдық, ксерофит	малазықтық
10/8	<i>Bromus tectorum</i> L. – Костер кровельный –Таракбоз, арпаған	біржылдық, псаммофит	малазықтық
11/9	<i>Hordeum crinitum</i> (Schreb.) Desf – Ячмень длинноволосый – Түкті арпа	біржылдық, петрофит	арамшөп, малазықтық
12/10	<i>Eremopyrum orientale</i> (L.) Jaub.et Spach Мортук восточный – Шығыс мортук	біржылдық, ксерофит	малазықтық
13/11	<i>Eremopyrum triticeum</i> – Мортук пшеничный -бидай мортук	біржылдық, ксерофит	малазықтық
14/12	<i>Aegilops cylindrica</i> (Cesati) Host. – Эгилоне цилиндрический – Цилиндрлі қылтаншөп	біржылдық, псаммофит	малазықтық, арамшөп
15/13	<i>Elymus angustus</i> Trin. – Волоснец узкий Жішішке кияк	көпжылдық, ксерофит	малазықтық, эрозияға қарсы

16/14	<i>Elymus multicaulis</i> Kar. et Kir. - Волоснец многостебельный-Сарыкняк	біржылдық, ксерофит	малазықтық
17/15	<i>Setaria viridis</i> (L.) Beauv. - Щетинник-зеленый Кок итконак	біржылдық, мезофит	малазықтық, арамшоп
4	Түкымдас: Cyperaceae Juss. - Осоковые - Княкколендер		
18/1	<i>Carex songorica</i> Kar. et Kir. - Осока джунгарская - Жоңғар княкколен	копжылдық, мезофит	малазықтық
19/2	<i>Carex dimorphoteca</i> Stschegl. - Осока двуформенная - Коспінш княкколен	копжылдық, мезофит	малазықтық
5	Түкымдас: Lilaceae Juss. - Лилейные - Лалагүлділер		
20/1	<i>Asparagus soongoricus</i> Pjip - Спаржа джунгарская - Жоңғар каскыржем	копжылдық, ксеромезофит	малазықтық
21/2	<i>Tulipa behmiana</i> Rge. - Тюльпан Бемовский -Бем кызгалдак	копжылдық, псаммофит	эндем, сәндік
6	Түкымдас: Iridaceae Juss. - Касатиковые - Құртқашантар		
22/1	<i>Iris Sogdiana</i> Bge. - Касатик согдийский Тоқылдак, Согдиана құртқашан	копжылдық, мезофит	сәндік
7	Түкымдас: Alliaceae - Луковые - жуалар		
23/1	<i>Allium iliensis</i> Rgl. - Лук илийский - Іле жуа	копжылдық, ксерофит	тағамдық
Класс: Dicotyledoneae - Двудольные - Косжарнақтылар			
8	Түкымдас: Salicaceae Mirb. - Ивовые - Талдар		
24/1	<i>Salix michelsonii</i> Nas. - Ива Михельсона -Михельсон талы	бұта, мезофит	сәндік, медоносты
25/2	<i>Salix caspica</i> Pall. - Ива каспийская - Каспий талы	бұта, мезофит	сәндік, тоқыма, медоносты
26/3	<i>Populus pruinosa</i> Schrenk - Тополь сизолистный - Торанғыл тереті	ағаш, мезоксерофит	сәндік, техникалық, целлюлозалы қағазды
27/4	<i>Populus diversifolia</i> Schrenk - Тополь разнолистный - Тораңғы, әртүрлі жапырақты терек	ағаш, ксеромезофит	сәндік, техникалық, отын, целлюлозалы қағазды
9	Түкымдас: Ulmaceae Mirb. - Ильмовые - Қарағаштар		
28/1	<i>Ulmus pinnato-ramosa</i> Dieck. - Вязь перистоветвистая - Бұтақты қарағаш	ағаш, мезофит	сәндік, илік, отын
10	Түкымдас: Moraceae Link. - Тутовые - Тұттар		
29/1	<i>Cannabis ruderalis</i> Janisch. - Конопля сорная -Арамшоп, карасора кенешшоп	біржылдық, ксерофит	талшықты, майлы, арамшоп
11	Түкымдас: Urticaceae Juss. - Крапивные - Қалақайлар		
30/1	<i>Urtica dioica</i> L. - Крапива двудомная - Қосүйлі қалақай	копжылдық, мезофит	тағамдық, дәрілік, талшықты, малазықтық
31/2	<i>Urtica cannabina</i> L. - Крапива коноплевая -кенеп қалақай	копжылдық, мезофит	арамшоп, дәрілік, талшықты
12	Түкымдас: Polygonaceae Lindl. - Гречишные - Тараңдар		
32/1	<i>Polygonum corrigioloides</i> Jaub. et Spach - Гореч спорышевидный - Қызыл тамыр өнімді тараң	біржылдық, мезофит	арамшоп, малазықтық
33/2	<i>Polygonum acetosum</i> M.B. - Гореч кислый -қышқыл тараң	біржылдық, ксеромезофит	арамшоп
34/3	<i>Rumex bulgaricus</i> Rech. - Щавель галачи - Галачи қымыздық	бір-, екіжылдық, ксеромезофит	арамшоп

35/4	<i>Atraphaxis spinosa</i> L. - Курчавка шиповатая -Тікенді түйесіңір	бұта, ксерофит	эрозияға қарсы
13	Тұқымдас: <i>Chenopodiaceae</i> Vent – Маревые-Алабұталар		
36/1	<i>Chenopodium glaucum</i> L.- Марь сизая -Кокшіл алабұта	біржылдық, галофит	малазықтық, дәрілік (сапонин)
37/2	<i>Chenopodium album</i> L.- Марь белая -Ақ алабұта	біржылдық, галофит	дәрілік, тағамдық, малазықтық, бояулы, арамшөп
38/3	<i>Petrosimonia glaucescens</i> (Bge) Hjin- Петросимония сизоватая -Кокше сораңша	біржылдық, галофит	малазықтық
39/4	<i>Suaeda altissima</i> (L.) Pall.- Сведа высокая кара сора, ұзын аксора	біржылдық, галофит	арамшөп
40/5	<i>Kochia prostrata</i> (L.) Schrad.- Кохия стелющаяся жатаған изен	жартылай бұташық, ксерофит	малазықтық
41/6	<i>Ceratocarpus urticulosus</i> Bluk.- Рогач сумчатый – Қалталы ебелек	біржылдық, ксерофит	арамшөп, малазықтық
14	Тұқымдас: <i>Caryophyllaceae</i> Juss. – Гвоздичные – Қалампырлар		
42/1	<i>Melandrium viscosum</i> L. Celak – Дрема липкая -Жабысқақ желімбасак	екіжылдық, ксерофит	арамшөп
43/2	<i>Gypsophila paniculata</i> L.- Качим метельчатый -Шапакбас аққанбак	көпжылдық, ксеромезофит	арамшөп, улы, сабынды, сәндік
44/3	<i>Gypsophila trichotoma</i> Wend- Качим триждывильчатый -Үшқайыр аққанбак	көпжылдық, ксерофит	арамшөп
45/4	<i>Silene nana</i> Kar. et Kir.- Смолевка карликовая -Ергежейлі сылдыршөп	біржылдық, псаммофит	малазықтық
46/5	<i>Saponaria officinalis</i> L.- Мыльнянка лекарственная Дәрілік сабыншөп	көпжылдық, мезофит	сәндік, техникалық, дәрілік (сапонин)
47/6	<i>Cerastium caespitosum</i> Gilib. Ясколка дернистая Түбірлі мүйізшөп	көп-, екіжылдық, ксерофит	малазықтық
48/7	<i>Holosteum umbellatum</i> L.- Костенец зонтичный Шатырлы қалампыршөп	біржылдық, ксерофит	арамшөп
15	Тұқымдас: <i>Ranunculaceae</i> Juss. – Лютиковые – Сарғалдақтар		
49/1	<i>Clematis glauca</i> Willd- Ломонос сизый -Кокшіл жібілген	бұта, мезофит	улы
50/2	<i>Clematis orientalis</i> L.- Ломонос восточный -Шығыс жібілген	бұта, мезофит	улы
16	Тұқымдас: <i>Berberidaceae</i> Juss. – Барбарисовые – Бөрікарақаттар		
51/1	<i>Berberis iliensis</i> M.Pop.- Барбарис илийский -Іле бөрікарақат	бұта, мезофит	эндем бояулы, тағамдық, дәрілік, медоносы
17	Тұқымдас: <i>Papaveraceae</i> Juss. – Макоцветные – Көкпәрлер		
52/1	<i>Papaver pavoninum</i> Shrenk. – Мак павлиний Тоты көкпәр	біржылдық, ксерофит	арамшөп, улы
18	Тұқымдас: <i>Cruciferae</i> Juss. – Крестоцветные – Крестгүлділер		
53/1	<i>Erysimum leucanthemum</i> (Steph)- Желтушник белоцветный -Ақшыл ақбасқурай	екіжылдық, ксерофит	малазықтық, арамшөп
54/2	<i>Alyssum desertorum</i> Stapf.- Бурачок пустынный -Шөл жауылша	біржылдық, ксерофит	малазықтық, арамшөп
55/3	<i>Tauscheria lasiocarpa</i> Fisch.- Таушерия опушенноплодная -Түкжеміс таушерия	біржылдық, ксерофит	арамшөп
56/4	<i>Thlaspi arvense</i> L.- Ярутка полевая -Егістік ярутка	біржылдық, ксерофит	арамшөп, улы, дәрілік

57/5	<i>Lepidium perfoliatum</i> L. - Клоповник пронзеннолистный -Тесікжапырақ шытырмак	бір-, екіжылдық, галофит	улы, дәрілік
58/6	<i>Malcolmia scorpioides</i> (Bge.) - Малькольмия скарпионовидная -Шаянтәрізді аққайың	біржылдық, галофит	арамшөп
59/7	<i>Descurainia sophia</i> (L.) Schur. - Дескурайния софия -София сармала	біржылдық, ксерофит	арамшөп
60/8	<i>Sisymbrium brassiciforme</i> C.A. Mey. - Гулявник капустовидный - Капуста сарбаскурай	екіжылдық, ксерофит	арамшөп
19	Тұқымдас: <i>Rosaceae</i> Juss. – Розоцветные -Раунаңгүлділер		
61/1	<i>Rosa Beggeriana</i> Schrenk Шиповник Бергера -Бергер раушаны	бұта, мезофит	ләрүмендік, сәндік
62/2	<i>Rosa iliensis</i> Chrshan Шиповник илийский -Іле раушаны	бұта, мезофит	эндем ләрүмендік, сәндік
63/3	<i>Potentilla reptans</i> L. - Лапчатка ползучая -Шырмауық қазтабан	бұта, мезофит	арамшөп
64/4	<i>Spiraea hypericifolia</i> L. - Таволга зверобоелистая шайқурай тобылғы	бұта, ксеромезофит	сәндік
20	Тұқымдас: <i>Leguminosae</i> Juss. – Вобовые – Бұршақтар		
65/1	<i>Trigonella arcuata</i> C.A. Mey. - Пажитник лугообразный -Имек бойдана	біржылдық, ксерофит	малазықтық
66/2	<i>Trifolium pratense</i> L. - Клевер луговой -Қызылбас беде	копжылдық, мезофит	малазықтық, медоносты
67/3	<i>Lotus tenuis</i> Kit Ляденец тонкий -Жіңпіке лотус	копжылдық, мезоксерофит	малазықтық
68/4	<i>Melilotus officinalis</i> (L.) Desr. - Донник лекарственный -Дәрі түйежонышка	екіжылдық, ксеромезофит	тағамдық, медоносты
69/5	<i>Halimodendron halodendron</i> (Pall.) Voss. - Чингил серебристый -Ақ шеңгел	бұта, ксеромезофит	сәндік, малазықтық, отын, бояу, медоносты
70/6	<i>Astragalus suidunensis</i> Bge. - Астрагал суидунский -Сүйдін астрагал	копжылдық, петрофит	малазықтық
71/7	<i>Astragalus paucijugus</i> C.A. Mey. - Астрагал малопарный -Түйесүйек астрагал	бұта, псаммофит	малазықтық, эрозияға қарсы
72/8	<i>Astragalus orbiculatus</i> Lab - Астрагал круглолистный -Тенгежапырақ астрагал	копжылдық, мезофит	малазықтық
73/9	<i>Glycyrrhiza uralensis</i> Fisch - Солодка уральская -Орал миясы	копжылдық, ксерофит	тағамдық, дәрілік, техникалық, эрозияға қарсы
74/10	<i>Medicago lupulina</i> L. - Люцерна хмелевидная -Құлмақ жоңышка	біржылдық, мезофит	малазықтық
21	Тұқымдас: <i>Zigophyllaceae</i> R.Br. – Парнолистниковые – Түйетабанлар		
75/1	<i>Zigophyllum iliense</i> M. Pop. - Парнолистник илийский -Іле түйетабан	копжылдық, мезофит	эндем арамшөп
76/2	<i>Nitraria schoberi</i> L. - Селитрянка Шобера -Шобер әктікені	бұта, галофит	тағамдық, сабынды, бояулы
